## 2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы N 35 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 наурызда N 3126 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген 2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімі* | *А.Төрегелдин* |

| | |
|---|---|
| | Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 35 қаулысымен бекітілген |

## 2015 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| Балабақша мен мектепке дейінгі мекемелердің атауы | Мемлекеттік білім беру тапсырысы, орын саны | Айына жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі, теңге | Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері, теңге |
|---|---|---|---|
| Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "Балдәурен" бала бақшасы" мемлекеттік | 150 (жергілікті бюджет) 130 ( республикалық | 29074 | 3 жасқа дейін 4000<br>3 жастан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| коммуналдық қазыналық кәсіпорны | бюджет) | 16203 | 4500 |
| "Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігі " Күншуақ" бала бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 150 (жергілікті бюджет) | 19483 | 3 жасқа дейін 4000<br><br>3 жастан 4500 |
| Мектепке дейінгі шағын орталықтар | 404 ( республикалық бюджет) | 16203 | 3 жасқа дейін 3332<br><br>3 жастан 3332 |
| Мектепке дейінгі шағын орталықтар | 145 (жергілікті бюджет) | 10148 | 3 жасқа дейін 3560<br><br>3 жастан 3560 |
| Барлығы: | | 91111 | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК